

«Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Тауарлар мен көрсетілетін  
қызметтердің сапасы мен  
қауіпсіздігін бақылау  
комитеті» РММ төрағасының  
20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)**

**Саудалық атауы**

Гексикон®

**Халықаралық патенттелмеген атауы**

Хлоргексидин

**Дәрілік түрі, дозасы**

Қынаптық суппозиторийлер, 16 мг

**Фармакотерапиялық тобы**

Несеп-жыныс жүйесі және жыныс гормондары. Гинекологиялық инфекцияға қарсы және антисептикалық препараттар. Инфекцияға қарсы және антисептикалық препараттар, кортикостероидтармен біріктірілімдерін қоспағанда. Басқа антисептиктер және микробқа қарсы препараттар.

АТХ коды G01AX

**Қолданылуы**

- жыныстық жолмен берілетін (хламидиоз, уреоплазмоз, трихомониаз, соз, мерез, генитальді герпес және т.б.) инфекциялардың профилактикасы үшін – жыныстық қатынастан кейін екі сағаттан кешіктірмей қолдану керек
- акушерлік-гинекологияда инфекциялық-қабыну асқынуларының профилактикасы үшін (гинекологиялық ауруларды операциялық емдеудің алдында, босанудың және жасанды түсіктің алдында, жатырішілік спиральді (ЖІС) қойғанға дейін және кейін, жатыр мойынын диатермокоагуляциялағанға дейін және кейін, жатыр ішін тексеру алдында)
- бактериялық вагинозды, кольпиттерді (оның ішінде спецификалық емес, аралас, трихомонадты), жатыр мойыны эрозиясын, вульва қышынуын емдеу үшін, оның ішінде жүктілік және лактация кезеңінде

## **Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі**

### ***Қолдануға болмайтын жағдайлар***

- препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- менархе басталмаған қыздар

### ***Қолдану кезінде қажетті сақтық шаралары***

Суппозиторийді енгізгеннен кейін жағымсыз сезінулер (қышыну, шымылдатып ашыту) пайда болған кезде препаратты қолдануды тоқтату керек.

Препаратты қолданған кезде қынаптан бөлініс мөлшері артуы мүмкін. Әдетте, бөлініс аздаған мөлшерде мөлдір болса препаратпен емдеуді үзбеуге болады. Бөлініс қоймалжың қанды болса препаратты қолдануды тоқтатып, дәрігерге қаралу керек.

Препаратпен жанасқаннан кейін көзге хлоргексидиннің түсуін болдырмау үшін қолды жуу керек.

Сыртқы жыныс мүшелерін өңдеу суппозиторийлердің тиімділігі мен жағымдылығына әсер етпейді, өйткені препарат қынап ішіне енгізіледі.

### ***Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі***

Йодпен бір мезгілде қолдануға болмайды.

Гексикон<sup>®</sup> препараты құрамында анион тобы (сапониндер, натрий лаурилсульфаты, натрий карбоксиметилцеллюлоза) бар детергенттермен және сабынмен, егер оларды қынап ішіне енгізетін болса, үйлесімсіз.

### ***Арнайы ескертулер***

#### ***Педиатрияда қолдану***

Гексикон<sup>®</sup>, 16 мг қынаптық суппозиторийлерін қыздарға етеккірлері басталғаннан кейін тағайындайды.

#### ***Жүктілік және лактация***

Жүктілік және лактация кезеңі препарат үшін қарсы көрсетілім емес.

***Препараттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері***

Препаратты қабылдау көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

## **Қолдану жөніндегі нұсқаулар**

### ***Дозалау режимі***

Ем үшін: 1 суппозиторийден тәулігіне 2 рет.

Жыныс жолдары арқылы берілетін инфекциялар профилактикасы үшін: қорғанбаған жыныс қатынасынан кейін 2 сағаттан кешіктірмей 1 суппозиторийден қолдану керек.

### ***Енгізу әдісі және жолы***

Қынап ішіне. Суппозиторийді қолданардың алдында пішінді қаптамасынан шығару керек.

### ***Емдеу ұзақтығы***

Ем үшін: 7-10 күн бойы. Қажет болғанда емдеу курсы 20 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

### ***Артық дозаланған жағдайда қолдану қажет шаралар***

Осы уақытқа дейін препараттың артық дозалану жағдайлары туралы хабарланған жоқ.

### **Дәрілік препараттың стандартты қолдану кезінде көрініс табатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдануы керек шаралар (қажет болса)**

Жағымсыз құбылыстардың жиілігін анықтау мына критерийлерге сәйкес жүргізіледі: *өте жиі* ( $\geq 1/10$ ), *жиі* ( $\geq 1/100$ -ден  $< 1/10$  дейін), *жиі емес* ( $\geq 1/1000$ -нан  $< 1/100$  дейін), *сирек* ( $\geq 1/10000$ -нан  $< 1/1000$  дейін), *өте сирек* ( $< 1/10000$ ), *белгісіз* (қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес)

#### *Өте сирек*

- ауыр аллергиялық реакциялар мен анафилаксияны қоса жоғары сезімталдық реакциялары

#### *Белгісіз*

- препаратты тоқтатқаннан кейінгі қайтатын аллергиялық реакциялар (бөртпе, қышыну, шымылдатып ашыту)

- қынаптан қоймалжың қанды бөлініс пайда болуы.

Егер нұсқаулықта көрсетілген жағымсыз әсерлердің кез келгені ушықса немесе Сіз нұсқаулықтарда көрсетілмеген жағымсыз әсерлерді байқасаңыз, дәрігерге хабарлаңыз.

### **Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаса медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласыңыз**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

### **Қосымша мәліметтер**

#### ***Дәрілік препараттың құрамы***

Бір суппозиторийдің құрамында

*белсенді зат* – хлоргексидин биглюконаты (20 % хлоргексидин

биглюконаты ерітіндісі түрінде – 85,2 мг) - 16 мг,

*қосымша заттар*: макрогол қоспасы: макрогол 1500 (92-98 %), макрогол 400 (8-2%).

### ***Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы***

Торпеда тәрізді, ақ немесе сарғыш реңді ақ түсті суппозиторийлер. Мәрмәрлікке және кесіндісінде ауа өзегі мен шұңғыма тәрізді ойығының болуына жол беріледі.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

1 немесе 5 суппозиторийден полиэтиленмен ламинацияланған поливинилхлоридті үлбірден жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салынған.

1 суппозиторий және екі саусақ қаптағышы бар 1 пішінді қаптамадан немесе 5 суппозиторий бар 2 пішінді қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

### **Сақтау мерзімі**

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

### **Сақтау шарттары**

25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептсіз

### **Өндіруші туралы мәлімет**

«Нижфарм» АҚ, Ресей Федерациясы

603950, Нижний Новгород қ., Салганская к-сі, 7

тел.: (831) 278-80-88

факс: (831) 430-72-28

e-mail: med@stada.ru

### **Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**

«Нижфарм» АҚ, Ресей Федерациясы

***Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)***

«Нижфарм» АҚ өкілдігі

050043, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Хан-Тәңірі ы/а, 55б

тел.: (727) 2222-100

факс: (727) 398-64-95

e-mail: almaty@stada.kz